



Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті

А Қ П А Р А Т Т Ы Қ Х А Т

Құрметті әріптестер!

Сіздерді **2022 жылдың 11 қарашада** “Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті” КеАҚ базасында өтетін **«Цифрлық трансформация жағдайында зияткерлік капиталды қалыптастыру: тәжірибе, сын-қатерлер, перспективалар»** атты Халықаралық ғылыми-практикалық онлайн конференцияға шақырамыз.

Конференцияның негізгі бағыттары:

- 1 секция. Зияткерлік капиталды қалыптастыру мен басқарудың тиімді тетіктері;**
- 2 секция. Машина жасау, көлік және құрылыстағы жоғары ғылыми технологиялар;**
- 3 секция. IT және BIM-технологиялары, Energy, нейромаркетинг;**
- 4 секция. Тау-кен металлургия кешенінің практикалық мәселелер шешудегі инновациялық тәсілдер;**
- 5 секция. Өндірістік мәселелер шешудегі SMART-технологияларды пайдалану.**

Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Конференция жұмысына қатысқысы келетіндер Ұйымдастыру комитетіне **2022 жылдың 5 қарашаға** дейін төмендегілерді жіберуі тиіс: **қоса берілген форма бойынша қатысуға өтініш; төменгі талаптарға сәйкес жасалған баяндаманың тезистері; тұпнұсқалығын растайтын анықтама (антиплагиат).**

Конференцияға қатысу тегін.

Конференция жұмыстарының жинағы ISBN-мен конференция өткеннен кейін басып шығарылады және ҚарТУ сайтында электронды форматта орналастырылады.

Конференцияға қатысу үшін материалдар келесі электронды поштаға жіберілуі керек: **nauka-2050@mail.ru**

Пошталық мекенжай: **100012, Қарағанды қ., Нұрсұлтан Назарбаев данғ., 56, Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті (бас корпус, 2 қабат, каб.224).**

Конференция сайты: <http://conf.kstu.kz/>

Конференцияны ұйымдастыру комитетінің жауапты хатшысы:

Моисеев Валерий Семёнович

Анықтама телефондары: (8-721-2) 56-52-34

**Цифрлық трансформация жағдайында зияткерлік капиталды
қалыптастыру: тәжірибе, сын-тегеуріндер, перспективалар
атты Халықаралық ғылыми-практикалық online
конференцияға қатысуға өтінім**

1. Баяндамашының Т.А.Ә.(толық)* _____
2. Ғылыми дәрежесі, атағы * _____
3. Лауазымы, жұмыс (оқу) орны * _____
4. Жұмыс мекен-жайы _____
5. Байланыс телефоны, факс, e-mail _____
6. Секция нөмірі және атауы _____
7. Баяндаманың атауы _____

* - Қосалқы авторлар үшін ақпарат

Қолы

Күні

Баяндама тезистерін ресімдеуге қойылатын талаптар

Суреттер мен кестелерді қоса алғанда, А4 (210*297) форматындағы екі немесе үш толық беттің көлеміндегі тезистердің мәтіні Microsoft Word мәтіндік редакторында Times New Roman (KZ Times New Roman, Times/Kaz және т.б.) қарпімен терілуі тиіс, 1,0 интервалмен, өлшемі 14, мәтінді жолдың енімен түзету, абзац алды стандартты (1,25), барлық жиектері – 25 мм.

Үлгі бойынша рәсімдеу:

ӘОЖ 622.272.6.

Мухамеджан И.Д. (Алматы, ҚазҰТУ)
Ажибеков А.Н. (Өскемен, ШҚГТУ)

**ТАЗАЛАУ КЕНЖАРЛАРЫНДА БУРҒЫЛАУ ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ
ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ**

..... МӘТІН

.....
Пайдаланылған дереккөздердің тізімі (5-тен көп емес, 10қ).....

Мәтін редакциялауға жатпайды және түпнұсқа болып табылады.

Сіздің назарыңызды жоғарыда көрсетілген барлық талаптарды сақтай отырып, материалдарды мұқият редакцияланған түрде ұсыну қажеттілігіне аударамыз. Баяндама тезистер авторлық жаңалығына (плагиатқа) тексеріледі. Баяндама тезисінде түпнұсқа мәтіні кемінде **75%** болуы керек.

Талаптар сақталмай ресімделген немесе белгіленген мерзімнен кеш ұсынылған, сондай-ақ жариялауға ғылыми қызығушылық (авторлық жаңалық) танытпайтын баяндамалардың тезистері қабылданбайды және кері қайтарылмайды.

Конференцияны ұйымдастыру комитеті